


# АБАЙ — ҰЛТТЫҚ САНАНЫН ТИРЕГІ



Қаншама баһадүр бабалардың қанымен қол жеткізген тәуелсіздігімізге былтырғана зо жыл толды. Қазақта «отызында орда бұзбаган, қырқында қамал ала алмас» деген тәмсіл бар. Қадым заманнан бері бабалардың армандаап кеткен күні де осы егемендік емес пе еді?! Бабалар армандаап кеткен бұл ұлы мақсат 1991 жылдың 16 желтоқсанында жүзеге асты.

Қош, біз сөз етіп отырган тәуелсіздік пен хакім Абай арасында қандай байланыс бар? Бұл жөнінде Президент мақаласында: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа қасіпптерді игерін, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілеттің арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозгаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбак. Онаң басқа нәрсеменен оздым гой демектің бәрі де – ақымақтық» деген» дел қазақ руханиятының рухани әкесі Абай Құнанбайұлына да ерекше орын береді.

Мо, бүгіннен заман! Абай болжада кеткен ғашында! Абайдың арманы орындалған дәуір. Абайтанудың абы-

орныма ағыб келә берсін деген – ол не деган инсаф? Не түрлі болса да, یа ғылымиңнан, یа малұннан ъадаләт шағағат секілді, біреуләрге жақсылық тигізбак мақсудың болса, ол жол – һуңданын жолы. Ол ниһайатсыз жол, сол ниһайатсыз жолға айағынды берік басдун, ниһайатсыз һұдага тақриб хасил болып, хас ізгі құлларындан болмақ үмід бар. Өзгә жолда не үмід бар? Кейбір еулернің ғұнәрі, бар мақсуды: киүмін тузәтбек, жүріс-тұрысын тузәтбек болады да, мұнусын өзіне бір дәуләт біладі. Бұл ісләрінің бәрі – өзін көрсәтмек, өзін-өзі базарға салыб, бар ғылымиңнан көзүндегі аймақтарға «бәрәкалді» дегізбек. «Осындаап болар ма едік» деб біреулар талабланар, біреулар «осундай бола алмадық» деп туғындер. Мұнан не фажида ықтымдағы тұрғыда әурәланіб, сыртынды бір сүйгән қауымыңа үқсатарсын. Сырт-

тары аз басылған жоқ, тираждары да мол болды. Енді 150 жылдық тойға дейін Мұрсейіттің қолжазбасы бойынша Абайдың жеке, арналы басылымын даярлап, кітап бастырып шыгарса дұрыс болар еді. Мұрсейіт еңбегі сонда жарқырап шыгар еді. Бір әңгімесінде Турагүлдың қызы Ақила (1990 ж. қайтыс болған): – Мұханмен бір кездесіп әңгімелескенімде сөзден сөз шығып, Мұрсейіт туралы айтқанда: «Мұрсейіт қолжазбасы бойынша бөлек Абайдың жинағын күрастыру ойда болып еді, оның моллалығы пәле болды гой деп айтқаны есімде» деген екен. Занғар жазушы неге Мұрсейітті айтып отыр. Өйткені, Мұрсейіт – Мәдүезовтің үстазы. Бұл туралы Турсын Жүртбай: «Мұханда сол арада Мұрсейіт бікі баласынан сабак алады. Мұрсейіт – Абайдың хатшысы, жан-жақты өнер иесі бол-

Иә бүгінші заман – Абай болжақ жеткен заман! Абайдың арманы орындалған дәуір. Абайтанудың абызы, устаз Мекемтас Мырзахметұлының сөзімен айтканда: «Абай – біздің үлттық санамыздың тірегі». Ғалымның бул сөзі – нағыз ақиқаттың үшқыны. XX ғасырда «Абай» журналын шығарған Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов «Екеу» деген бүркеншік атпен: «Казак халқын надандықтың айсыз қаранды түні ғылым сәулемесінен бүркеп, түншықтырып тұрган кезіндеге, түншықтан елге дем болуга, қаранды жерге нұр болуга, надандық-аждағаны өртеуге Құдай жіберген хақиқаттың үшқыны Абай тұды» деген жалынды сөздерімен бүкіл қазаққа жарсалған еді. Сөзсіз Абай – үлттық санамыз бен тәуелсіздігіміздің рухани тірегі. Абайдың:

Кайдан ғана бұзылды сартша сыртың?

Үқпайсың өз сөзіңден басқа сөзді,

Аузымен орақ орган өнкей қыртың, – деп күйіні бекер емес. Қарандызы, Абайдың бір ғана: «қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» дейтін тәмсілінен көп нәрсениң аңғаруға болады. Абай – орынсыз сынаппенеген жан емес. Керісінше, қиянатты Абайға біз жасап жүрміз. Қалай, неге дерсіз?

Хакім шығармаларының ішінде Мұрсейіт қолжазбалары арқылы жеткен «Китаб тасдиқ» атты туындының орны бөлек. Қалың жұртшылық бул шығарманы «отыз сегізінші қара сөз» деген лақаппен танып, ұлы ақының осы шығармасының тек қазашқа қотармасын ғана місі тұтып келді. Алайда, «отыз сегізінші қара сөздің» түпнұсқасында «Китаб тасдиқ» атты тақырыбы бар. Оған қоса бул шағатай тілінде жазылған енбек. Алайда, «Китаб тасдиқ» дәл осы өрнекте халыққа жетпеді. Абайдың өзі жоғарыдағы өлеңіндеге айтқандай, ауызben орақ орамыз деп, өз сөзімізден басқаны үқпай келгенбіз. Мәселе осыда. Абай сол «Китаб тасдиқ» шығармасында былай деп үн қатады: «Енді білінләр, ей фәрзәндлар! ہудай Тәъаланың жолы ниһайатсыз болады. Аның ниһайатына іечкім жетбейді. Бірақ сол жолға журуді өзіне шарт қылыш, кім қадам басады, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниадағы тубқі мақсұдын өз файдан болса – өзің ниһаятлысың, ол жол – ہұданың жолы емас. Җаламнан жиылсун, маған қүйилсун, отырган

деңгейлінэр. Мұнан не файда чык-шығарып, сирттыңды бир сүйган қауымыңа үқсатарсың. Сиртқа хасиат бітбейді. Аллаң Таъала қарайтуғын қалбұза, бойамасыз ығла-сына хасиат бітаді. Бул айнаға табынғанларнің әкілдің қанчалық өсөр дей-сүн? Өссө әкілдің түбсіз тераң жақ-сылқынды сүймеклікманан өсар. Ҳұдай Таъала дүниәнің кәмәләт чеберлікманан жаратқан екан. Ңем адам баласын өссүн, өнсүн деб жаратқан, сол өсіб-өнү жолындағы адамның талаб қылыш, изләнәр, қарызылы ісінің алды – әууал дост көбейтбәк. Ол достдүн көбейтбәкнің табылмагы өзінүң өз-геләрга қолынан келгенінчә достдық макамында болмақ. Кімге достдығың болса, достдық чақырады. Аның айағы інеккімге қас сағынмаслық ңем өзіне өзгечелік беремүн деб, өзін тілмен, иа қылқыбен артық көрсетмок мақсұдынан аулақ болмақ. Бул өзін-өзі артық көрсетмәк екі түрлі: әууәлгісі – ہәрбір жаманчылықтың жағасында тұрыб, адамдығын бузатуғын жаманчылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады. Екінчісі, өзін өзгечелікмәнән артық көрсетмек – адамдықтың нұрын, ғулін бұзады. Үчинчісі – қастық қылмақ, қор тұт, бақ, кеміт-бәк, олар дүспандық чақырады. Ңем өзін өзгече тұтатын демектің түбі – мақтан. ہәрбір мақтан бірәудан асамын деган күнчілік бітіраді да, күнчілік күнчілікді қозғайды. Бул үч түрлі істің жоқтығы адамның қөnlіне тынычлық береді. ہәрбір көңіл тынычлығы көңілгә талаб салады».

Міне, Абайдың өрнегі, Абайдың стилі. Бул – түркі халықтары мындаған жылдар бойы қолданған шағатай өрнегі. Біз осы стильден ажыраптап қалдық, ағайын! Филология ғылымдарының кандидаты Ақжол Қалшабектің тікелей ғылыми жетекшілігі арқасында біз Абайдың «отыз сегізінші қара сөз» деп атап келген «Китаб тасдиқ» туындысын абайтану ғылымының 100 жылдық тарихында тұнғыш рет транскрипциясын жасап шыққан болатынбыз. Жоғарыда сіздер оқып отырган ерекше стиль біз жасап отырган транскрипция, ол Абайдың тілі, Абайдың сөз қолданысы. Абайды осылай жарықта шығару М.Әуезовтің ұлы арманы болған. Алайда, бул арманға көңестік дауірдің болаттай берік цензурасы мүмкіндік берген жоқ. Бул тұралы естелікте Әуезов:

«...осы арада тағы бір ой келеді. Әсіресе, көңестік дауірінде Абай жинак-

да сол арада Мұрсейіт қікірбасынан сабак алады. Мұрсейіт – Абайдын хатшысы, жан-жақты өнер иесі болған адам. Ол өз шәкірттерінің қолын жаттықтыру үшін оларға үнемі Абай өлеңдерін көшірткен және сол өлеңдерді жаттатқан. Қазір Абай ауданы Мұхтар Әуезов совхозында тұратын Мұрсейіттің баласы Рақымбай ақсақал (1886 жылы туған) былай дейді: «Жасымның есейгеніне қарамай әкем мені жылда оқытатын. Мұхтармен де бірге оқыдым. Мұхтар басқа балалардай әкемнен қашпайтын. Элі есімде, әкем жылда алғашқы сабагын бастағанда «Абайды білесіндер ғой. Абай деген сөзді жазып үйренеміз» деп бастаушы еді» деген ерекше дәлелді алға тартады.

Ағайын, Абай, Мұрсейіт ңем М.Әуезовтердің арманын біз жүзеге асырып жатсақ неге мақтанып айтпасқа?! Тәуелсіздіктің торқалы тойына тарту жасап жатсақ, будан асқан бақ бар ма?! Біздің көзделгеніміз оқырманды қөркемдеп, безендірлген Абайдың кітабымен емес, нағыз Абаймен, ақиқаттың Абаймен қашшытуру болатын. Өйткені, сол Абай:

Қабыл көрсе сөзімді,

Кім таныса, сол алсын.

Не пайда бар - мың надан  
Сыртын естіп таңдансын.  
Онан дағы бір есті

Ішкі сыртын аңғарсын, – демеп пе еді?

Устаз Ақжол Қалшабектің сөзімен айтқанда: «Ендігі міндет – Абайды дүррис танып, зерделеу. Оны жалған бояулардан бүркемелемеу. Абайдан жасанды пүт жасамау. Керісінше онымен сұхбат құру. Одан тағлым алу. Өйткені, Абай – ақиқаттың үшқыны. Онымен ойнауға болмайды. Ойнасаң ол сені өртеп жібереді». Иә, біздің бул еңбектеріміз кешегі өткен хакімнің 175 жылдығына ғана емес, Тәуелсіздіктің отыз жылдығына да үлкен тарту. Тәуелсіздікке қындықпен қол жеткізгесін жоқты түгендеп, елді өткенімен таныстыру – біз үшін ұлы бақыт.

Дамира ӘБДІҚҰЛОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы.

Әзімхан ИСАБЕК,  
М.Әуезов  
атындағы ОҚУ «Мұхтартану»  
ғылыми-зерттеу орталығының  
жоғары білікті маманы